

Дыбысты машықтандыру кезеңі логопедиялық сабақ жоспары

Тақырыбы: «Әжемнің ертегілері»

Кезең: буын, сөздерде машықтандыру кезеңі.

Мақсаты:

Білімділік:

- Дыбыс артикуляциясын бекіту;

Түзете - дамытушылық:

- ойлау процесстерін, есте сақтауын дамыту,
- жұмыс барысында қол және артикуляциялық аппарат мүшелерінің тепе – теңдігін,
- дауыстың ырғақтылығы мен күшін дамыту.
- ой-өрісін, ойын арқылы тілін, сөздік қорларын, есте сақтау қабілетін, тапқырлық, іздемпаздық қабілетін дамыту.
- Фонематикалық есту қабілетін, ұсақ қол моторикасын, кеңістікте бағдарлауын, есте сақтауын, көріп қабылдауын, ойлауын дамыту. Оқушының сөздің қорын молайту. Байланыстырып сөйлеуін дамыту.

Тәрбиелік:

- топпен және, өз бетінше жұмыс жасауға үйрету,
- логопедті мұқият тыңдауға үйрету.

Құрал – жабдықтар: тақырыптық суреттер, дыбыстық талдау – жинақтау жасауға арналған көк және қызыл түсті текшелер.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлеметсіңдер ме балалар?
- Сәлеметсіз бе?

Шаттық шеңбері:

Біз әдепті баламыз,

Біз ерекше боламыз.

Қонақтарды көргенде,

Сәлеметсіздер ме ! – деп

Сәлемдесіп аламыз.

II. Мақсатын баяндау:

Ертегілерінің мазмұны және мәтіні жағынан тартымды, тілі орамды. Ол кісінің ертегілеріне психологиялық-педагогикалық тұрғыдан көз салмай тұрып, ең алдымен “ертегі сөзінің мағынасына, шығу тарихына көз жіберсек. Фольклордың қара сөзбен айтылатын ерекше мол түрінің бірі- ертегі. Ол халықтың ауызша айтатын көркем әңгімесі. Ертегінің шығуы ХІХ ғ/ң ІІ-нші жартысынан басталады. Ғажайып қал, қиял әңгімелері орасан зор уақиғалы қызық әңгімелер, салт тарихпен байланысты оқшау әңгімелер, бәрі де ертегінің түрлері.

“Ертегі деген аты ертедегі, ертеде ерте күндегі деген сөзден туған. Содан ертедегі, ертеде ерте күн дегі деген сөден туған. Содан ертегі айтушыны дегі деген сөзден туған. Содан ертегі айтушынын “ертекші”-дейді. (1) Аталарымыз бен әжелеріміз немерлеріне ертегілерін былай деп бастайтын: “Ертеде бір бай бопты, ертеде кемпір мен шал болыпты”, деп немесе “ерте-ерте ертеде”—деген сияқты көпке ортақ ерекше, өлеңше бастаумен келеді. Кейде “ертеде үш ағайынды жігіт болыпты”—деген сөздер ертегінің басын бастайды. Осылайша ертегінің алдында үнелі айтылып отыратын дағдылы сөздер ертегінің жолын ашады, жөнін аңғартады.

III. Жаңа сабақ.

Ұлы жазушымыз М.О. Әуезов ертегі туралы былай деп сыр толғайды: “Табиғатты баурап, танып алғанша адам қиял мен танып, меңгеріп, оған өз ықпалын жүргізуді арман еткен. Ол ертегі, аңыз, әңгіме түрінде туып таралған...

Бүгінгі сабағымыз ерекше болғалы тұр. Қонақтарымызда бар. Бүгін біз «Ертегілер еліне» бірге саяхат жасаймыз. Сен қандай ертегілерді білесің? (Баланың жауабы). Жарайсың!

IV. Артикуляциялық гимнастика:

Тыныс алу жаттығулары:

Мұрынмен дем алу- ауызбен дем шығару (2 рет)

Стакандағы су.

Жаттығулар:

- «Кесе»
- «Сағат тілі»
- «Тіс тазалау»
- «Өткеншек»

V. Дыбысты буындарға, сөздерге, фразаларға, байланыстырып сөйлеуіне енгізу:

1 - тапсырма: «Әжем айтқан ертегі» тақпақ

Ерте, ерете, ертеде деп басталды кешегі,
Тұн ұйықыға кетерде әжем айтқан ертегі.
Ұйып тыңдап жатыр ем қызық ертегі екен деп,
Көзім ілініп кеттіпті әжеме мен еркелеп.

Қ – сы:

Мен, әжем айтқан ертегі,
Биіктерге ертеді. Бақытты жан өтеді. 2рет

2 - тапсырма: «Жұмбақ шешу»

1. Инеліктің апасы

Ызыңдаған дыбысы

Шақса белгі салады

Қаныңды да сорады. (маса)

2. Қыста жылт - жылт етеді

Қолдан суық өтеді

Күн жылынып жылбырап

Су боп ағып кетеді. (мұз)

3. Мұртын сипап тілімен

Бетін сусыз жуады

Тышқанды аңдып түнімен

Көзі оттай жанады. (мысық)

Әдістемелік нұсқау: логопед баланың сөздердегі м дыбысын дұрыс айтқанын қадағалайды.

2-тапсырма: «Орнын тап» ойыны

Ойын шарты: Сурет қиындыларын біріктіріп жинау арқылы берілген сөзді табуы тиіс.

Құрал – жабдықтар: (Қалам, мысық, маймыл, моншақ) суреттері.

3- тапсырма: «Поле чудес» ойыны

Ойын шарты: Балаға ертегі кейіпкерінің суреті бар А4 форматындағы парақ ұсынылады.

Қойылған сұраққа бала бос тор көздерді бояу көмегімен жауап береді.

Әдістемелік нұсқау: логопед бала қимылының шапшаңдығын, нақтылығын қадағалауы тиіс.

VI. Дыбыстық талдау, жинақтауды қалыптастыру бойынша жұмыс:

VII. Үйге тапсырма:

«М» дыбысына тақпақ жаттап келу.

Сабақ қорытындысы:

Карточка арқылы бағалау, мадақтау.

«Әжемнің ертегілері»

Педагог логопед: Қоқанова А.С

Ақтау қаласы 2021-2022 оқу жылы